«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінің аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттің саяси-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбы бойынша
«6D030100-Құқықтану» мамандығы саласындағы
философия докторы (PhD) ғылыми атағын алуға
Калмурзаве Болат Аюбайұлының
ұсынылған диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік –құқықтық іс –әрекет мәселелерін кешенді түрде талдауға арналған. Диссертацияда мемлекеттік –құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру жолдары мен діни экстремизмге қарсы тұру және оның алдын алу мәселелері қарастырылған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Діни экстремизм – дін негіздері мен қағидаттарын заңсыз бұрмалау және қолданыстағы заңға қарама –қайшы іс –әрекеттер жасау арқылы мемлекеттің қоғамдық және саяси тұрақтылығына, сондай –ақ әлемнің халықаралық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның кешенді сипаттағы нақты қауіптілік категорияларымен ерекшеленеді. Олардың қауіптілігін тікелей ескертетін халықаралық –құқықтық құжаттар болғанымен, әлі жалпы түрде қабылданған заң, күші жоғары халықаралық –құқықтық акт жоқ. Яғни діни экстремизмге қарсы іс –қимыл жүйесі бірқатар халықаралық ұйымдар мен көптеген мемлекеттерде ресми түрде қалыптасқанмен, олардың нәтижелігіне қатысты мәселелер жеткілікті. Осы тақырып бойынша біршама зерттеу жұмыстары, ғылыми еңбектер, пәндік, пәнаралық, сондай –ақ кешенді ғылыми зерттеу жұмыстары тапшы болғандықтан, қосымша зерттеулерге қажеттілік туады.

Жоғарда аталған себептер зерттеу тақырыбының өзектілігінің жалпы қырларын айқындап береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1–бабының 1–тармағында келесі тәртіп жүйесі бекітілген.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы төрт құқықтық қағидат аясында, яғни: демократиялық мемлекет, зайырлы мемлекет, құқықтық мемлекет, әлеуметтік мемлекет деп бекітілге.

Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Сол себепті біздің мемлекетті құраушы қағидаттары адам өмірін, құқықтары мен бостандықтарын діни экстремизмнен қорғау мен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының конституциялық – құқықтық және мемлекеттік құзыреті болып табылады. Қазіргі кезде оларды жеке қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Діни экстремизмнің салдарынан адам, қоғам, мемлекет құқығы сақталмаған.

Конституцияның 1–бабының 2–тармағында Республика қызметінің бірінші принципі анықталған, олар: қоғамдық татулық және саяси тұрақтылық. Ата заңда діни экстремизмнен қорғау негіздері бектіленген.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев Қазақстан Халқына Жолдауында «Біздің Ата заңымызда көрсетілгендай, біз біртұтас халықпыз, күшіміз – бірлікте. Бұл ретте саяси және идеологиялық плюрализмді негізге алып, радикализмнің кез– келген көрінісінің алдын алуға, еліміздің тәуелсіздігіне, заңсыз территориялық тұтастығын бұзуға жол берілмейді. Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау қажет. Осы орайда, елдегі ұлтаралық және дінаралық тату қарым– қатынастың маңызды екенін барлық отандастарымыз ұғынуы керек. Біз әрдайым алауыздыққа қарсы тұра білген халықпыз» деген болатын.

Халықаралық діни экстремизм өз кезегінде діни сипаттағы терроризмге серіппелік саты болғандықтан Қазақстан Республикасының аумағында 2011–2016 жылдары аралығында бірнеше террористік актілер орын алды. Оның салдарынан бірнеше құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері өз борыштарын өтеу кезінде қаза тапты.

Осы жағдайлардың біздің елде орын алуының негізгі себептерінің бірі ретінде халықаралық діни экстремизм және халықаралық діни терроризмнің тікелей ықпалы болып табылды. Мына төмендегі фактілер дәлелдейді:

– халықаралық діни экстремизм және халықаралық діни терроризмнің негізгі көріністері Сирия мен Ирак аумағындағы қарулы қақтығыстар кезінде анықталды;

– Орталық Азия азаматтары қатысқан бірқатар террористік актілерден кейін аталған аймақ террористік іс – қимыл коэффициенті жоғары болжамды орталығы ретінде танылды. Оқиғалардың көпшілігі Ислам мемлекетінің (ИЛИМ) «Хорасан» провинциясымен байланысты болды және олардың көпшілігі, соның ішінде 2024 – жылы наурызда Ресейдегі «Crocus City Hall» жасалған шабуылда болғандай Тәжікстан азаматтары тікелей қатысқаны анықталды. Оқиғаны зерттеген кейбір ғылыми сараптамалық жұмыстар негізінде Орта Азия елдерінің, оның ішінде Тәжікстанның аумағын «ДАИШ» қызметінің нағыз ошағы деп сипаттайды. Орталық Азия елдерінің кейбір азаматтарының «жаһандық терроризмдегі көрнекті рөлі …» дәлел ретінде анықталды. Мұндай сараптама Орталық Азияның кейбір аймақтарын халықаралық террористік ошақ ретінде бейнелейді;

– жоғарыда аталған факторларға қатысты БҰҰ, ЕО, ТМД, ШЫҰ, ИЫҰ, ҰҚШҰ және осы сияқты халықаралық ұйымдардың шеңберінде діни экстремизм және халықаралық діни сипаттағы терроризмге қарсы іс – қимыл жүйесі біртіндеп қалыптасып келеді. Аталған ұйымдардың сол халықаралық діни экстремизмге қарсы іс– қимыл бойынша тәжірибелік қырларының қажетті, яғни жоғары деңгейге әлі жетпегендігі белгелі. Сондықтан халықаралық ұйымдардың көпшілігінде аталған сипаттағы қылмысқа (халықаралық діни экстремизмге) қарсы іс – қимыл жағдайы төмен және орта деңгейде нақты болғандығын көрсетеді. Мысалы, орта деңгейдегі жағдай ретінде ШЫҰ– мүше мемлекеттері Астана қаласында 2017–жылдын 9–

маусымынды ШЫҰ– Экстремизмге қарсы іс – қимыл туралы конвенцияны нақты қабылдағанын айтуға болады. Оны Қазақстан Республикасы 2020–жылдын 18 – ақпанында арнайы заңмен ратификациялады. Ал өзге халықаралық ұйымдардың шеңберінде ондай халықаралық конвенцияны әлі қабылдаған жоқ. Сол себептен аталған диссертациялық зерттеу жұмыс барысында халықаралық діни экстремизмге қарсы іс–қимыл бойынша жеке халықаралық тәжірибелік қырларын арнайы талдау қажеттілігі туындайды.

Аталған пікірлер мен тұжырымдардың жиынтығы біздің еліміздегі діни радикализм мен діни экстремизмге қарсы іс–қимыл мәселелерінің нақты бар екендігін көрсетеді, сондай–ақ осы зерттеу тақырыбының өзектілігін саяси – құқықтық және халықаралық тәжірибелік деңгейде анықтап береді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін халықаралық – құқықтық актілер және Қазақстан Республикасының діни экстремизмге қарсы іс –қимыл заңнамасы мәтінінде және қолдану тәжірибиесінде көрініс тапқан мынадай заңнамалық сипаттағы мәселелер дәлелдеп береді.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай, ҚР ҚК) 174 – бабында бірнеше қылмыстар жиынтығы қамтылған. Алайда оның атауы мен мазмұны бойынша оларды бір–бірінен ажыратып, мүмкіндігі болса, жеке баптар ретінде түзіп шығу керек.

Екіншіден, ҚР ҚК 3 –бабында қалған «экстремистік қылмыстар» ретінде белгіленген 174 –бап, 179 –бап, 180 –бап, 181–бап, 182 –бап, 184 –бап, 258 –бап, 259–бап, 260 –бап, 267 –бап, 404 –бап (екінші және үшінші бөлімдерінде) және 405 –бабында көзделген объективтік жағы, экстремизмнің негізгі түрлерін, яғни саяси экстремизм, ұлттық экстремизм, діни экстремизм деп жалпы мағынада қамтиды. Әрине, аталған бірқатар баптардың мазмұнынан экстремизмнің негізгі түрлерін айқындап алуға болады. Десек те олардың қоғамдық қауіптілігі түрлі деңгейде болғандықтан, баптардың атауы мен мазмұнында экстремизмнің негізгі түрлеріне қатысты нормаларды айқындап белгілеу қажет. Сондықтан келтірілген аргументтер өз кезегінде аталған баптарды бір–бірінен ажыратуға, оларды жаңа баптарға бөлуге негіз болуы керек.

Үшіншіден, ҚР ҚК– 258–бабы «Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және террористікке не экстремистікке өзге де дем берушілік», 259–бабы «Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру», сонымен қатар, 260–бабы «Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту» деп аталған. Аталмыш баптарда белгіленген қылмыстарды (террористік қылмысты экстремистік қылмыстан) бір–бірінен бөліп алып, жеке өз алдына баптар ретінде қалыптастыру қажет.

Төртіншіден, қолданыстағы «Экстремизмге қарсы іс–қимыл туралы» Қазақстан Республикасы 2005– жылдың 18– ақпанында №31 Заңында «діни экстремизм» деген ұғымдық тіркес анықтамасы бекітілгенмен, ондағы «кез келген діни тәжірбие» деген атау жалпы жазылып, нақтыланбаған. Аталған сөздер заңды қолдану тәжірбиесінде бірқатар мәселелерді туындатады. Себебі кез–келген «діни тәжірбие» деген ұғым тек деструктивті іс–әрекеттер

ғана емес, сондай–ақ қазіргі қолданыстағы дәстүрлі конструктивті әрекеттерді де қамтып кетуі мүмкін. Осыған орай, «тәжірбие» деген сөздің алдында «деструктивті» деген ұғымды енгізген жөн.

Экстремизмге қарсы іс–қимыл туралы Заңында «діни экстремизм» және өзге ұғымдық тіркестерді жаңа редакциялық мазмұнында қабылдаудың қажеттілігі бар. Бұл өзгерістер зерттеліп жатқан тақырыптың өзектілігін дәлелдейді. Сондықтан бұл мәселе зерттеу тақырыбына қатысты өзектілікті көтереді. Сонымен қатар аталған дәлелдер зерттеу тақырыбын заңнамалық тұрғыдан өзектілігін анықтайды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік–құқықтық іс –әрекет мәселелері ерекше назарға алынып, заң ғылымында біраз зерттелген.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік–құқықтық әрекет мәселелері өзге елдердің көптеген сарапшылары тарапынан қарастырылған. Олардың қатарына шетелдік ғалымдар, атап айтқанда: В.Н. Арестов, Д. Назиров, С.Н. Поминов, Н. Наматов, М. Вершинин, А.А. Нуруллаев, Ал.А. Нуруллаев, В. Добрынина, Т. Кухтевич, Н.В. Володина, А.Б. Нұртазин, А.В. Матвеев, Р.М. Узденов, С.В. Борисов, А.В. Жеребченко, сондай–ақ еуропалық: Л. Уолтер, Д. Рапорпорт, Д. Лонг, Трагцер, Ө. Өзкан сияқты т.б. зерттеушілерді жатқызуға болады.

Ғылыми зерттеу тақырыбына қатысы бар ғалымдар ішінде қазақстандық экономист, қоғам қайраткері, Қазақстан Парламенті Сенатының төрағасы М.С. Әшімбаев, ҚР Мемлекеттік хатшысы Е. Қарин, ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Н.М. Абдиров, С.К. Абсаметов, А.Н. Ағыбаев, А.Г. Косиченко, И.Ш. Борчашвили, А.Ж. Шпекбаев, К.Н. Бұрханов, С.Т. Абдрахманов, Р.Т. Завотпаев, Е.В. Тукумов сынды ғалымдар мен қоғам қайраткерлерін атап өтуге болады.

Ұлттық құқық және халықаралық құқық саласына отандық және шетелдік зерттеушілер «діни экстремизм» ұғымын зерттеу бойынша өз үлестерін қосты. Бұл ретте А.С. Ибраева, В.В. Устинов, У.А. Ахатов, Э.Г. Гуриева, А.Г. Мукашев, Б.А. Турекулов, М.Б. Кудайбергенов, Е.Т. Алимқұлов, Л.Р. Сюкияйнен, Ж.Т. Сайрамбаева, Е.Т. Бекбосынов және А.Ж. Муратова, Г.А. Қуаналиеванын ғылыми еңбектерінде аталмыш тақырып белгілі бір деңгейде зерттелген болатын.

Жалпы заң ғылымында криминология саласын зерттеушілер экстремизмге қатысты біршама зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Атап айтқанда, ресейлік ғалымдар Ю.М. Антонян, В.А. Бурковская, Н.В. Степанов, Р.Х. Дашаев, Р.С. Тамаев, қырғызстандық Э.Т. Жээнбеков, сондай –ақ қазақстан зерттеушілері А.Д.Дарменов пен Г.Д.Мейркулова ғылыми еңбектерінде аталған мәселеге байланысты тұжырымдары мен ұсыныстар берілген.

Философия саласы бойынша тәжікстандық Д.Назировты, ресейлік А.А. Нуруллаев пен Ал.А. Нуруллаевты, А.М.Кадиеваны, М.Бұлұтай және т.б. атап өтуге болады.

Саясаттану ғылымдары бойынша Е.Н. Плужников, А.А. Амреева және т.б. ғалымдарда атап өтуге болады. Олар экстремизмді зерттеу объектісіне етіп, диссертациялық зерттеу жұмыстарын ұсынған, діни экстремизмнің саяси қырларын біршама зерттеген. Ал, дінтану және теология саласы бойынша бірқатар ғалымдар діни экстремизм ұғымын ғылыми тұрғыдан кеңейтті.

Сонымен, жоғарыда аталған ғалымдардың, сарапшылардың ғылыми еңбектері Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмге қарсы іс–қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесінің мемлекеттік–құқықтық қамтамасыз етуі бойынша зерттеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер қолданылды негізінен, мысалы: талдау, жіктеу, аналогия, дедукция, индукция, санақтық, құрылымдық, тарихи–құқықтық саралау, салыстырмалы–құқықтық талдау, компаративистикалық, герменевтикалық талдау, аналитикалық тәсілдер, формальды–логикалық талдау әдісі, модельдеу әдісі, жүйелі талдау әдісітері қолданылды.

Зерттеу нысаны–Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік –құқықтық іс –әрекет мәселелерін реттейтін қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің пәні–Қазақстан Республикасында діни экстремизмнің құқықтық –әлеуметтік, саяси –идеологиялық және криминологиялық көрінісі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік –құқықтық іс –әрекет мәселелерін кешенді талдау нәтижесінде теориялық және тәжірибелік тұжырымдарды жасау болып табылады.

Осы диссертациялық зерттеуде қойылған мақсатқа жету үшін келесі кезектегі өзара байланысты негізгі міндеттер алға қойылды:

– халықаралық құқық және ұлттық заңнаманың жүйесінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи –құқықтық негіздерін анықтау;

– діни экстремизмнің құбылыс ретінде таралуын, қалыптасуы мен дамуын айқындайтын себептік –факторлар кешенін айқындау;

– заңтану ғылымдарының жүйесінде «діни экстремизм» ұғымының зерделенуін талдау;

– халықаралық ұйымдардың қызметінде діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша қалыптасқан іс –тәжірибелік қырларын саралау;

– Қазақстан Республикасының уәкілетті, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша халықаралық тәжірибесін талдау;

– Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінде діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша қалыптасқан құқықтық әрекеттеріне аналитикалық талдау жүргізу;

– Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінде діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша жедел іздестіру, сотқа дейінгі тергеу мен сот тәжірибесінің қалыптасқан іс –әрекеттерін зерделеу;

– діни экстремизмнің алдын алу бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың өзара әрекеттесу жүйесіне талдау жасау;

– діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша ұлттық заңнаманы шет елдердің ұлттық заңнамасына сай салыстырмалы –құқықтық талдау жасау;

– Қазақстан Республикасының діни экстремизмге қарсы іс –әрекет аясында ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелерін құқықтық реттеу бойынша сараптама жасаудың негізінде ғылыми тұжырымдар ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік және эмпирикалық базасы. Осы зерттеудің нормативтік, тақырыпқа нақты қатысты халықаралық –құқықтық актілер мен ұлттық заңнама және оның эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасының кейбір уәкілетті, құқық қорғау мен арнайы қызмет органдарының, бірқатар халықаралық ұйымдардың және біздің елдегі қоғамдық бірлестіктердің ресми статистикалық мәліметтері тиімді түрде пайдаланылды. Осы зерттеудің түйінді эмпирикалық негізі бірқатар сотқа дейінгі тергеу істері мен сот үкімдерінің жеке талдануымен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Діни экстремизмге қарсы іс –қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында мемлекеттік –құқықтық іс –әрекеттер жүйесінің мәселелерін қолданыстағы халықаралық –құқықтық актілерді, шарттық және ішкі мемлекеттік құқық қолдану тәжірибесін кешенді зерттеудің нәтижесінде анықталады:

– «діни экстремизм» ұғымының идентификациясына зияткерлік меншік негіздері қаланды;

– діни экстремизмге қарсы іс –қимылды ұлттық қауіпсіздік күштері жүйесі контексінде мемлекеттік –құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің жалпы, негізгі және арнайы мәселелері айқындалып, ғылыми қорытындылар, пікірлер мен ұсыныстар берілген;

– діни экстремизмге қарсы іс –қимыл жөніндегі ұлттық заңнаманың құқықтық –техникалық және құқықтық мазмұндық аспектілері және қылмыстық заңнаманың бекітілген баптары талданады. Атап айтқанда, оның кейбір тұжырымдамалары мен баптары сарапталып, тиісті теориялық және практикалық ұсыныстар берілді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Заңнамалық, статистикалық, аналитикалық, ғылыми әдебиеттерін, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік, сондай –ақ сот органдарының тәжірибелік істерін талдау анықтағандай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 174 –бабында белгіленген экстремистік қылмыстар түрлерінің ішінен «діни экстремизм» ұғымын қайта заңнамалық тұрғыда қарап, мемлекеттік –құқықтық практикаға енгізудің аса қажеттілігі көрсетілді. Аталған диссертацияның теориялық, қолданбалық, халықаралық тәжірибелік, Орта Азия және өзге де елдердің жұмыстарының тәжірибелік қырларын талдау негізінде «діни экстремизм» ұғымына анықтама берілді.

Осы орайда, «діни экстремизм» ұғымына мынандай редакциялық мазмұндағы анықтама ұсынылады.

Діни экстремизм – себеп –факторлық кешен жүйесінен туындайтын діни зорлықшыл идеологияны насихаттау негізінде діни экстремистік ұйымдардың қылмысқа сыбайлас қатысушыларының халықаралық – құқықтық актілер мен ұлттық заңнаманың қорғайтын объектілеріне тікелей бағыттайтын қасақана қылмыстық әрекеттерінің жиынтығы.

2. Практикалық тұрғыда діни экстремизмге қарсы мемлекеттік – құқықтық әрекеттерді жүзеге асыру саясатының мәні – аталған қылмыстық – құқықтық құбылыстың діни экстремистік идеологиялық шегі мен аумақтық шекараларының жоқтығында болып табылады. Қазіргі жаһандану үдерісінің интернеттік ақпараттық кеңістіктердегі мүмкіндіктерін халықаралық діни экстремистік ұйымдар экстремистік мүдделері үшін пайдалануда. Осыған байланысты халықаралық діни экстремизм идеологиясына қарсы іс –қимыл бойынша тәжірибелік мәселелері туындады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2015 жылдан бастап кейбір халықаралық – құқықтық актілерінде «зорлық –зомбылық сипатындағы экстремизм» ұғымын бекіткен болатын. Одан бұрын ШЫҰ 2001 жылы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресу туралы Шанхай конвенциясын қабылдады. Бұл ретте көптеген мемлекеттердің әлі халықаралық діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша халықаралық тәжірибесі толық қалыптастағандығын айтуға болады. Себебі көптеген халықаралық ұйымдар діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша халықаралық немесе аймақтық деңгейде конвенция түрінде қабылданған халықаралық –құқықтық актілердің саны аз болды. Осындай жоғары заңды күшке ие халықаралық –құқықтық актілер халықаралық ұйымдардың, оның ішінде БҰҰ аясында әлі қабылданбады. Осы фактор өз кезегінде белгілі бір халықаралық практикалық нақты қолайсыздықтарды туғызады. Бүгінгі күнде Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне қарасты Терроризмге қарсы комитет қызмет етеді. Оның құрылымында халықаралық діни экстремизмге қарсы іс – қимыл жүйесі толықтай қалыптастырылмаған. Яғни экстремизмге қарсы іс – қимылды ұйымдастырып және үйлестіретін жеке құрылымдық бөлімшесі жоқ. Аталмыш факт тек бір елдің ұлттық қауіпсіздігіне ғана емес, сондай –ақ ол халықаралық қауіпсіздік саласына да қауіп –қатерін келтіреді.

Демек, халықаралық діни экстремизмге қарсы іс –қимыл жүйесін нақты күшейту үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне қарасты Терроризмге қарсы комитетінің құрамына кіретін арнайы мамандандырылған құрылым болуы тиіс. Біздің ойымызша, арнайы мамандандырылған құрылым – зорлық –зомбылық сипатындағы экстремизмге қарсы іс –қимыл басқармасы деп аталғаны жөн. Ол басқарманың халықаралық зорлық – зомбылық сипатындағы экстремизмге, оның ішінде, қазіргі халықаралық діни экстремизмге қарсы іс –қимыл құзыреттері, өкілеттіліктері, құқықтары мен міндеттері болуы керек. Бұл арнайы органның халықаралық аймақтық ұйымдардағы тиісті құрылған сол халықаралық терроризмге және экстремизмге қарсы органдармен бірге, сондай –ақ әрбір мемлекеттің құқық

қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдарымен халықаралық ынтымақтастық қатынастарын үйлестіруге және жандандыруға ықпалы болуы қажет. Осыған байланысты аталған органның уәкілетті комиссарлары (арнайы өкілдері) болу керек деп есептейміз.

Жоғарыда аталған ұсыныстың жалғасы ретінде тағы мынадай ұсыныс жасалады.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау мен арнаулы мемлекеттік органдарының халықаралық діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша халықаралық тәжірибесі біркелкі деңгейде емес. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталықта халықаралық діни экстремизмге қарсы іс – қимыл бойынша арнайы бөлімшесі құрылмаған. Сол себепті Терроризмге қарсы орталықтың халықаралық діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша бөлімшесі атты құрылымдық бөлім құрылуы қажет. Ол бөлімшені жоғарыда аталған ШЫҰ –ның Экстремизмге қарсы іс –қимыл конвенциясының негізінде халықаралық әрі ұлттық заңнама шеңберінде құруға ұсынылады.

3. Діни экстремизмге қатысты қылмыстық кодекс баптары бойынша сотталғандар контингентін кешенді сипаттағы оңалтуды (құқықтық, тарихи, теологиялық, психологиялық, мәдени, саяси және т.б.) ұйымдастыру қажет. Ерекше айтар жайт, Қазақстан Республикасындағы түзеу мекемелеріндегі оңалту үдерісі көбінде теологиялық жағынан жүргізіледі. Дегенмен, онда теологиялық оңалту бағдарламасының тиімді түрде жетілдірілмегендігін көрсетті. Сондықтан осы мәселені шешу мақсатында сотталғандарды жеке оңалту бойынша кешенді әдістемелік бағдарлама әзірленді. Бұл бағдарлама Дін істері комитеті және екі облыс (Түркістан және Павлодар) аумағындағы 4 түзеу мекемелерінде пилоттық режимде іс жүзінде апробациядан өтті. Осы бағдарламаның нәтижелері сотталғандар арасында қайта радикалдану және рецивидистік тәуекелдерін төмендетті, яғни тиісті сотталғандарды оңалтудың кешенді бағдарламасының нәтижелері бойынша қайталаудың проценттік көрсеткіші жоқ екенін дәлелдеді.

4. Диссертациялық зерттеуді жүргізу кезінде анықталғандай, діни радикалды тұлғалардың теологтермен әңгімелесуден бас тарту, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларға қатыспау, қоғамдық өмірге араласпау фактілерін жиі тіркеп отыр. Қазір бұл жеке тұлғалармен профилактикалық іс – шараларды жүргізуге тікелей құқықтық негіздің болмауы кедергі болып келеді. Себебі неосалафизм елімізде экстремистік ұйым ретінде тыйым салынбаған. Осы жағдай діни экстремистік көзқарастарды ұстанатын адамдардың радикалдану қаупін арттырады және олардың қоғамдық өмірден нақтырақ оқшаулануына алып келеді. Неосалафизм ағымының ұстанушылары тек ұлттық қауіпсіздікке ғана емес, тіпті елдегі ұлттық идентификацияға да өз қауіп –қатерін төндіреді. Сондықтан Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс –қимыл» туралы заңының 6 – бабына сәйкес «Діни экстремизм идеяларын ұстанушы жеке тұлғаларға қатысты алдын алу және оңалту шараларын жүргізу қағидалары» атты заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт жобасын Қазақстан Республикасының

Терроризмге қарсы орталығы арқылы енгізуге және практикада қолдануға ұсынамыз. Аталған қағидаларды енгізу діни саладағы профилактикалық және оңалту жұмыстарының нақты тиімділігін арттыруға, сондай –ақ елдегі діни ахуалды тұрақтандыруға ықпал ететін маңызды қадам болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы. Ғылыми теориялық тұрғыдан қарағанда, аталған зерттеу жұмысы отандық заң ғылымын дамытуға үлес қосады. Себебі оның кешенді мазмұны Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмге қарсы іс –қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контексінде мемлекеттік –құқықтық қамтамасыз ету жүйесі мәселелерін толық қамтиды.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінің аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік –құқықтық іс –әрекет мәселелері тиісті ұлттық заңнамаға тәуелді болғандықтан, нақты құқық шығармашылық саласында аса маңызды болады.

Апробациядан өтуі. Диссертация Ахмет Ясауи университетінің «Құқықтану» кафедрасында талқыланды. Диссертацияның теориялық және тәжірибелік негізі бойынша жалпы 11 ғылыми мақалада жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тиісті нұсқаулығында белгіленген тәртіпте орындалған. Жұмыс анықтамалардан, қысқартулар мен белгілеулерден, сондай –ақ нормативтік сілтемелерден, кіріспеден, он бөлімшені құрайтын төрт бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.